

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №1 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

2023–2024 оқу жылы

Өткізілген күні: «07» қыркүйек 2023 ж.

Өткізілген орны: “Батыр” балабақшасы

Қатысқандар: 5 педагог

Қатыспағандар:

Төрайымы: директор Овезова А.Е.

Хатшы: Ж.Сариева

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені бекіту.
2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

ТЫҢДАЛДЫ

1-мәселе бойынша

Директор А.Овезова сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мақсаты мен міндеттерін түсіндірді. Педагогтердің кәсіби әдебін сақтау, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру және педагогикалық этика талаптарын орындауды қамтамасыз ету мақсатында Кеңесті құру туралы ереже таныстырылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңесті құру туралы ереже бекітілсін.
2. Кеңес мүшелерінің құрамы бекітілсін.
3. Кеңес жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.

2-мәселе бойынша

Педагогтің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне қойылатын талаптар қарастырылды. Педагогтің сыртқы келбеті іскерлік стильге сай болуы, ұқыптылық пен мәдениеттілікті көрсетуі қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Педагогтер қызметтік міндеттерін атқару кезінде іскерлік киім үлгісін сақтасын.
2. Сыртқы келбеттің ұқыптылығы мен эстетикалық талаптарға сәйкестігі тұрақты бақылауда болсын.
3. Педагогтің кәсіби беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол берілмесін.

3-мәселе бойынша

Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау мәселесі талқыланды. Педагогтердің тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынасында әдептілік, сыйластық және кәсіби мәдениет қағидаларын ұстануы қажеттігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Барлық педагогтер педагогикалық этика нормалары мен қағидаларын қатаң сақтасын.
2. Ұжымда өзара құрмет пен ынтымақтастық қарым-қатынасты нығайту жұмыстары жүргізілсін.
3. Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.

Төрайым:

А.Овезова

Хатшы:

Ж.Сариева

